«БЕКІТЕМІН»
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры: _____ В.С.Длимбетова
«2» қыркүйек «2025»

2025-2026 оқу жылына арналған
ТӘЛІМГЕРЛІК ЖОСПАРЫ

Орындаған: Г.Ж.Каракулова - ДОЖЖО

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ – 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

Түсінік хат

«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебінің 2025 жылы 2 қыркүйекте 2025-2026 оқу жылында жас мамандарға жылдық жоспарларын жазуға, дидактикалық материалдарды дайындауға әдістемелік көмек көрсетуге тәлімгерлер тағайындалынды. Бұл жоспар Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № *130 бұйрығы*на, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығына «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» заңнамасына негізделіп құрылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі **№ 160 бұйрығы** «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар», «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және орта білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті ұйымдастыру және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге талаптар белгілеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:
1) тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі;
2) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

Мақсаты: Жас маманның табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру – әдістемелік жағдай жасау, біліктілік қызметінде сәтті пайдалану үшін жас маманның кәсіптік білімі мен дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері :
- жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасау;
- жас маманның оқыту – жас маманның оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету;
- жас маманның шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- үздіксіз білім алуға қажеттілік пен ынталандыруды дамыту.

Жұмыстың негізгі бағыттары:
- жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттар мен жұмыс;
- мектеп құжаттамасымен жұмысқа көмек;
- жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру;
- сабақты ұйымдастыруға көмек;

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130
Бұйрығына 9-қосымша

Тәлімгер педагогтің жас маманмен жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы

Қ/с	Қызмет мазмұны	Жұмыс нысаны	Мерзімі
I	**1-ші кезең – Қарым-қатынас фокусы**		
1.	1) Педагогтің кәсіби дайындық деңгейін анықтау. 2) Жас маманның жеке қажеттіліктерін анықтау бойынша диагностика жүргізу. 3) Тәлімгерлік жоспарын құру.	а) сұхбаттасу; ә) сауалнама жүргізу: педагогикалық, психологиялық, медициналық, әлеуметтік, сандық сауаттылық; б) мониторинг жасау, диагностика жүргізу; в) Диагностика нәтижесі бойынша тәлімгер-педагогтің жас маманмен жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.	Қыркүйек 1-апта
II.	**2-ш кезең – Кәсіби даму және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу**		

2.	1) ҚР-ның нормативтік-құқықтық құжаттарымен таныстыру. 2) Сабақты жоспарлауды үйрету. 3) Жас маманның электронды оқу платформалары бойынша жұмыстарын бақылау.	а) педагогика саласына байланысты заңдар мен заңнамалармен таныстыру: 1. ҚР Білім туралы заңы; 2. ҚР МЖМББС; 3. «Педагог мәртебесі» заңы; 4. Бала құқықтары туралы Конвенция; 5. Оқу жоспарлары, ӘНХ, оқу бағдарламалары. ә) ҚМЖ құрастыруды үйрету. б) Күнделік.кз платформасы бойынша көмек беру.	Қыркүйек 2-апта
	1) Мектептің бастауыш кәсіподақ ұйымымен таныстыру. 2) Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру.	а) №338 бұйрық – Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы заңнамасына сйкес негізделген мндеттермен таныстыру; ә) мектептің жалпы ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру және оқу жүйесіндегі жиналыстардың айырмашылықтарын түсндіру.	Қыркүйек 3-апта

3.	1) Жас маманға әдістемелік көмек көрсету. 2) Өзара сабақтарға қатысу жұмыстарын ұйымдастыру.	а) жас маманның басқа да тәлімгер мұғалімдердің сабақтарына енуін қадағалау; ә) жас маман сабақтарына ену (айына кемінде 2 рет);	Қыркүйек 4-апта
4.	1) Бағалау түрлері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. 2) Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік көмек көрсету.	а) қалыптастырушы және жиынтық бағалау туралы түсінік беру; ә) бағалаудың түрлі әдс-тәсілдерін үйрету; б) БЖБ және ТЖБ құрастыруды үйрету.	Қазан айы 1-апта
5.	1) Жас маманмен бірлескен сабақ өту. 2) Сынып жетекші жұмыстарымен таныстыру.	а) тәлімгер сабағын жас маманмен бірлесе өткізу; б) сынып жетекшіге қатысты құжаттардың жүргізілуін көрсету, ата-аналар жиналысына қатыстыру.	Қазан айы 2-апта
6.	1) Жас маманды мектепішілік, аудандық, облыстық байқауларға қатыстыру. 2) Дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу түрлерін үйрету.	а) жас маманның семинарларға, түрлі байқаулар мен сайыстарға қатысуға баулу; ә) оқушыларды пәндік олимпиадалар мен ғылыми-зерттеу жоба байқауларына дайындау жолдарын көрсету;	Қазан айы 3-апта
7.	1) Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік көмек көрсету.	а) жас маманның БЖБ және ТЖБ құрастыруын қадағалау, көмек көрсету;	Қазан айы 4-апта

	2) Өзара сабақтарға қатысу жұмыстарын ұйымдастыру.	ә) жас маман сабақтарына қатысу (айына кемінде 2 рет);	
8.	1) Жас маманның ғылыми-әдістемелік мақалаларды жазу және жариялау жұмыстарын ұйымдастыру.	а) қалалық, республикалық, халықаралық дәрежедегі баспаларға ғылыми мақалаларды жазу және жариялау жұмыстары туралы әдістемелік көмек көрсету.	Қараша айы 1-апта
9.	1) Пәнге қатысты әдістемелік көмек беру.	а) оқушы деңгейіне сәйкес әдістемелік көрнекіліктерді дайындау жолдарын көрсету; ә) сабақ барысында қолдануға болатын тиімді, ығайлы әдіс-тәсілдермен таныстыру;	Қараша айы 2-апта
10.	1) Өзара сабақтарға қатысу жұмыстарын ұйымдастыру.	а) жас маманның басқа да тәлімгер мұғалімдердің сабақтарына енуін қадағалау; ә) жас маман сабақтарына ену (айына кемінде 2 рет);	Қараша айы 3-апта
11.	1) Оқушылардың жетістіктерін бағалау бойынша жасалатын есептердің түрлері туралы түсінік беру.	а) жетістіктер мониторингі, диаграммалар мен диагностикалық талдау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	Қараша айы 4-апта
12.	1) Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік көмек көрсету. 2) Өзара сабақтарға қатысу жұмыстарын ұйымдастыру.	а) жас маманның БЖБ және ТЖБ құрастыруын қадағалау, көмек көрсету;	Желтоқсан айы 1, 2-апталар

		ә) жас маман сабақтарына қатысу (айына кемінде 2 рет);	
13.	1) Жиынтық бағалау бойынша жас маман жұмысын бақылау. 2) I-жартыжылдық бойынша тәлімгер мен жас маманның жұмыстарын қорытындылау.	а) жас маманның БЖБ және ТЖБ құрастыруын қадағалау, көмек көрсету; ә) I-ші жартыжылдықта атқарылған жұмыстар туралы тәлімгер және жас маман есебін дайындау.	Желтоқсан айы 3, 4-апталар
12.	1) Ашық сабақты жоспарлауға әдістемелік көмек беру.	а) Пән бойынша ашық сабақты жоспарлауға әдістемелік көмек беру, талдау-талқылау жұмыстарын жүргізу.	Қаңтар айы 3-апта
13.	1) Жас маманмен бірлескен сабақ өткізуді ұйымдастыру. 2) Шеберлік сыныпты өткізуді ұйымдастыру.	а) жас маманмен бірлескен топтық / кіріктірілген т.б. сабақтарды өткізу; ә) жас мамандарға арналған тиімді әдіс-тәсілдер туралы шебер сыныпты өткізу.	Қаңтар айы 4-апта
14.	1) Өзара сабақтарға қатысу жұмыстарын ұйымдастыру.	а) жас маманның басқа да тәлімгер мұғалімдердің сабақтарына енуін қадағалау; ә) жас маман сабақтарына ену (айына кемінде 2 рет);	Ақпан айы 1-апта
15.	1) «Жас маманның негізгі қиыншылықтары» дөңгелек үстелді ұйымдастыру.	а) мектептегі жас мамандар жұмыс барысында кездескен қиыншылықтары және оларды шешу жолдары туралы өз тәжірибелерімен бөлісу,	Ақпан айы 2-апта

		талдау-талқылау жұмыстарын өткізу.	
16.	1) Жас маманның ашық сабағы мен сыныптан тыс сабақтарын жоспарлауға әдістемелік көмек беру.	а) пәндік онкүндіктерде жас маманның ашық сабағын жоспарлауға дістемелік көмек беру; ә) жас маманның сыныптан тыс түрлі іс-шараларды өткізуіне көмек көрсету.	Ақпан айы 3, 4-апталар
17.	1) Өзара сабақтарға қатысу жұмыстарын ұйымдастыру.	а) жас маман сабақтарына қатысу (айына кемінде 2 рет);	Наурыз айы 1, 2-апталар
	1) Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік көмек көрсету.	а) жас маманның БЖБ және ТЖБ құрастыруын бақылау, көмек көрсету;	Наурыз айы 3-апта
18.	1) Тәлімгерлер алқасымен бірлесе отырып, жас мамандар апталығын өткізуді ұйымдастыру.	а) жас мамандар онкүндігіне ашық сабақты жоспарлауға көмек беру, бақылау, талдау жұмыстарын жүргізу.	Сәуір айы 2, 3-апталар
19.	«Ең үздік жас маман-2022» байқауын ұйымдастыру және өткізу.	А) тәлімгерлер алқасымен бірлесе отырып, 2022-2023 оқу жылында мектепке жаңадан келген жас мамандар арасында байқауды жоспарлау және өткізу.	Сәуір айы 4-апта
III.	**3-кезең – Аналитикалық есеп**		
21.	1) Бір оқу жылы ішінде атқарған жұмыстарының	1) жас маман жетістіктерінің	Мамыр айы

	материалдарын жинақтап, әдістемелік портфолио жасауға әдістемелік көмек көрсету.	нәтижелерін көрсететін түрлі құжаттарды жинақтау, электронды үлгісін жасауға көмек беру.	2-апта
22.	1) Жас маманның жылдық жұмыс қорытындысы туралы есеп дайындауға әдістемелік көмек беру. 2) Тәлімгер жұмысының жылдық аналитикалық есебін жасау.	1) жас маманның өз жұмыстары бойынша эссе жазуға, презентация жасауына қолдау көрсету, көмек беру. 2) тәлімгер жұмысының мониторингін жасау.	Мамыр 3-апта
23.	1) Жас маман және тәлімгер жылдық жұмыстарының қорытындысы туралы педагогикалық кеңесте есеп беру.	1) Педагогикалық кеңесте презентация, бейнеролик әзірлеу.	Мамыр 4-апта